

**Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен зерттеп-тексеру жөніндегі ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 15 желтоқсан N 1414. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.03.03. N 326 қаулысымен. ~P010326

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен зерттеп-тексеру жөніндегі ұсынылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаменті мен оның аймақтық басқармалары мемлекеттік және ведомстволық қадағалау және бақылау органдарымен бірге меншіктік және шаруашылық қызметінің нысанына қарамастан, кәсіпорындар мен ұйымдардың осы қаулыны орындауына бақылау жасасын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1414 қаулысымен  
Бекітілген

Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын  
және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу  
мен зерттеп-тексеру жөніндегі

. Ескерту: Бұл және басқа сөз тіркестері, терминдер мен белгіленімдер соңында таратылып айтылған.

## I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Ереже кәсіпорындарында, шаруашылықтарда, мекемелер мен ұйымдарда (бұдан әрі - кәсіпорындар) жұмыс істейтін, жұмыс берушілермен еңбек қатынастарына енген адамдардың меншік нысаны мен тұрақты, уақытша, маусымдық жұмыс қызметіне, оның ішінде штаттан тыс қызметшілер мен қосымша жұмыс істейтіндіктеріне қарамастан, басынан кешкен жазатайым жағдайларды, кәсіби сырқаттар мен улануларды зерттеп-тексерудің, құжаттар әзірлеу мен тіркеулердің бірыңғай тәртібін белгілейді.

Сол сияқты Ереженің күші мыналарға:

суға батқан, ыстық өткен, күйген, үсік шалған, найзағай түскен, жануарлардан және жәндіктерден денсаулығына зиян келген, сол сияқты табиғат апаттары кезінде (жер сілкінісінде, көшкенде, су тасқынында, дауылдарда және басқаларда) денсаулығы зақымданған адамдарға;

серіктестіктер мүшелеріне, шаруашылығындағы шағын өнеркәсіп немесе ауылшаруашылығы кәсіпорындарында (шаруа қожалықтарында) өз пайдасына жұмыс істейтін меншік иелеріне;

оқушыларды қоса есептегенде, кәсіпорындарында сынақ мерзімін өтіп жүрген немесе басқа тұрғыда болашақтағы өндірістік қызметке әзірленіп жүргендерге, кәсіптік дайындық алушыларға;

табиғат апаттарының, басқа да апаттардың зардаптарын жою, адам өмірін құтқару және мүлкін аман сақтау жөніндегі ерікті командалардың мүшелеріне, әскерилендірілген күзет, әскерилендірілген апаттан құтқару бөлімдерінің жеке құрамы сол сияқты қоғамдық-пайдалы қызметпен айналысатын немесе азаматтық сипаттағы іс-шараларға қатысушы басқа да адамдарға;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі бас бостандығынан айырылған адамдарға және басқа да әкімшілік тұрғыда тұтқындалып, еңбекке тартылған а з а м а т т а р ғ а ;

әскери қызметке қатысы жоқ кәсіпорындардағы құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды орындауға жіберілген әскери қ ы з м е т ш і л е р г е ;

кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген немесе жұмыстар атқарып жүрген студенттер мен оқушыларға да жүреді.

. Ескерту: Оқу-тәрбие жұмысы кезінде жоғарғы, арнаулы орта оқу орындары студенттердің кәсіптік-техникалық училищелер мен жалпы білім беретін мектептердің оқушыларының басынан кешкен жазатайым жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің жанындағы Еңбекті қорғау департаментінің келісімімен Қазақстан Республикасы Білім министрлігі белгілеген тәртіп бойынша зерттеп тексеріліп, есепке алынады.

Өзінің еңбек қызметін мемлекеттердің бірінің аумағында атқарып, немесе жалданып жұмыс істеушіні (мемлекеттердің бірінің туы астында жүзген кеме ішінде жұмыс істеушілерді), егер ерекше мемлекетаралық келісімдерде басқаша қарастырылмаған болса, сол мемлекеттің заңының немесе нормативтік актісінің күші қамтиды.

Ескерту. 1-тармақтың 4 абзацы толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995. 10.12. N 1320 қаулысымен. P951320\_

2. Жалданып жұмыс істеушінің жұмысына байланысты денсаулығының кез келген зақымдануынан уақытша немесе тұрақты түрдегі еңбекке жарамсыздыққа жетуі немесе мерт болуы өндірістегі жазатайым жағдай ретінде қаралады, ал оның жай-жапсары мен себептері осы Ережеге сәйкес зерттеліп тексеріледі.

Еңбекшілердің мынадай жарақаттары мен денсаулығына зиян тигізген зақымдары себебіне қарамай өндірістік (кәсіптік) деп жіктеледі және тіркеледі;

жұмыс уақыты кезінде еңбек міндеттерін немесе жұмыс басшыларының тапсырмаларын орындауға байланысты жұмыс орнында, немесе басқа жерде болса да ;

демалыс және мереке күндерінде, белгіленген уақыттан тыс жұмыстар атқару кезінде ;

кәсіпорын аумағында (жұмыс орнында) жұмыс уақыты басталар алдында немесе аяқталғанда жұмыс орнын, өндіріс құралдарын, киімдерін және т.б. әзірлеу мен тәртіпке келтіру кезінде;

қызметі қызмет көрсету объектілерінің аралығында жүріп-тұруға қатысты қызметкерлердің жұмыс уақытында қоғамдық көлікте немесе жаяу келе жатқанда жолда, сол сияқты әкімшілік тапсырмасы бойынша жұмыс орнына бара жатқан уақытта ;

кәсіпорын берген көлікпен жұмысқа бара жатқан немесе келе жатқан жолда, мұның ішінде іссапар кезінде, сонымен қатар тамақтану орнына, еңбекақы алуға бара жатқан, не келе жатқан кезінде;

жұмыс берушімен өзара келісіммен және қызмет бабында жол жүруге

пайдалануға құқық беретін әкімшіліктің жазбаша өкімі бар жеке меншіктегі көлігімен жұмыс уақытында жүрген кезде;

жұмыс берушінің өкімі бойынша кәсіпорынның аумағында (жұмыс орнында) болғанда, мұның ішінде кезек ауысым демалысы уақытында, сондай-ақ кәсіпорынның мүлкін қорғау немесе өз ынтасымен кәсіпорынның мүддесін қорғау үшін басқа да іс-әрекеттер жасаған кезде;

жұмыс уақытында немесе іссапар кезінде басқа адам денесіне жарақат салғанда, не қызметкер өзінің еңбек міндеттерін атқару кезінде әдейі өлтірілгенде;

вахталық поселке аумағында кезек ауысымы аралығындағы демалыс кезінде; қауіпті және зиянды өндірістік жайлар мен заттардың әсерінің нәтижесінде зақымданғандар.

3. Зерттеп-тексеру барысында объективті түрде анықталған мынадай жайларда, еңбекшілердің өндірісте алған жарақаттары мен денсаулыққа зиян тигізген басқа зақымдары тіркелмейді;

зардап шегушінің қылмыстық іс жасауы кезінде;

өзінің денсаулығына қасақана зиян келтіру нәтижесінде;

өндірістік жайлардың қауіпті және зиянды әсеріне қатыссыз зардап шегушінің денсаулығының кенет нашарлауы;

жазатайым жағдайда себепші болған алкогольдік мастық, күшті әсер ететін уландырғыш және нашақорлық заттарды пайдалану жағдайы есепке алынбайды.

4. Еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайлары мен денсаулығына басқа да зақым келушіліктерді, (бұдан әрі - жазатайым жағдай) олардың денсаулығына келген зиянды өтеу, заңмен белгілеген жеңілдіктер мен өтемақыларды беруді объективті түрде және дер кезінде зерттеп-тексеруге, есепке алу мен тіркеуге, зардап шегушілер олармен еңбек қатынасында болған (тұрған) кәсіпорынның басшысы (жұмыс беруші) немесе оның міндетін атқарушы жауап береді.

Еңбекшілердің өндірістегі (олардың тіркелу орнына қарамастан) жазатайым жағдайлары мен денсаулықтарының басқа да зақымдануларының себептері мен зардаптарын жою жауапкершілікті кәсіпорынның басшысына (жұмыс берушіге) немесе оның міндетін атқарушыға жүктеледі.

5. Зардап шегушінің, кәсіподақ өкілі немесе басқа да мүдделі адамның өндірістегі жазатайым жағдайды немесе денсаулыққа келген басқа да зардаптарды зерттеп-тексерудің барлық материалдарымен танысуға және қажетті көшірмелер алуға құқы бар.

6. Мекеменің басшысы (жұмыс беруші) мен тіркеу, ресімдеу және зерттеу мәселелері жөніндегі бақылау, қадағалау арнайы мемлекеттік органдарының лауазымды адамдары арасындағы келіспеушілік, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарында бағыныштылығына қарай қаралады, сонан соң

кабылданған шешім, заң жүзінде белгіленген тәртіпке сәйкес, шағымдануға  
ж а т у ы м ү м к і н .

Арыздардың түсуі жұмыс берушінің жоғарыда көрсетілген мәселелер жөніндегі арнайы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының лауазымды адамдарының шешімдерін орындауына негіз бола алмайды.

7. Өндірістегі жазатайым жағдайлардың дұрыс және уақтылы зерттелуі мен есепке алынуын, сонымен қатар бұл жайлардың шығу себептерін жою іс-шараларының орындалуын қадағалауды Еңбекті қорғау департаментінің Еңбекті қорғау мемлекеттік инспекциясы (бұдан былай - Еңбекті қорғау мемлекеттік инспекциясы) басқа да мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық бақылау мен қадағалау органдарымен бірлесе отырып жүзеге асырады.

## II. Жазатайым жағдайларды зерттеп-тексерудің жалпы тәртібі

8. Әрбір жазатайым жағдай жөнінде зардап шегуші немесе куәгер бөлімше (жұмыс) басшысына кешіктірмей хабарлауға міндетті.

Бөлімше (жұмыс) басшысы:

зардап шегушіге алғашқы дәрігерлік көмек ұйымдастыруға және оны емдеу мекемесіне жеткізуге;

зерттеп-тексеру басталғанға дейін жұмыс орнындағы ахуал мен құрал-жабдықтардың ретін оқиға болған сәтіндегі күйде (егер бұл айналадағы қызметшілердің өмірі мен денсаулығына қауіп-қатер төндірмейтін болса және өндіріс процесінің үздіксіздігін бұзып, апатқа соқтырмайтын болса) сақтауға;

болған жәйтті кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) мен кәсіподақ комитетіне хабарлауға міндетті.

9. Дәрігерлік мекеме (емдеу пункті, емхана және басқа да емдеу мекемелері) кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші де) мен кәсіподақ комитетіне еңбекшілердің өндірістегі жарақат алуы мен денсаулығының басқа да зақымданулары бойынша алғашқы қараған сәттің әрбір жағдайы туралы хабарлап отырады. Осы кәсіпорынға қызмет көрсететін дәрігерлік мекеме еңбекшілерден кәсіптік сырқаттардың тұрақты белгілерін немесе оның диагнозының өзгергенін байқаса, бұл туралы кәсіпорын басшысына (жұмыс берушіге), кәсіподақ комитетіне еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, сол сияқты жергілікті денсаулық сақтау мен мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына мәлімдеуге міндетті.

10. Кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) еңбекшілердің өндірістегі әрбір жазатайым жағдайы мен денсаулықтың басқа да зақымдары туралы белгіленген формада (N 1 қосымша) бірден:

еңбекті қорғау мемлекеттік инспекциясына;  
мемлекеттік және ведомстволық бақылау мен еңбекті қорғауды қадағалау (егер жазатайым жағдай осы органдардың бақылауындағы кәсіпорынның объектілерінде болса);

өзінен жоғары тұрған шаруашылық органына;  
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына (бұдан әрі - Мемсанқадағалау) кәсіптік сырқаттар, улану жағдайлары туралы хабарлауға міндетті.

11. Жазатайым жағдайлардан сақтандыру жөніндегі мекемелер (компаниялар) еңбекшілердің өндірістегі өздеріне мәлім жазатайым жағдайлары мен денсаулығының басқа да зақымданулары туралы бір ай мерзім ішінде еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға хабарлап отырады.

12. Еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайлары мен денсаулығының басқа да зақымдарының ауыртпалығы мен зардаптарына байланысты зерттеп-тексеруді он күн ішінде кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) немесе оның тапсыруы бойынша өзге бір білікті тұлға, кәсіподақ комитеті өкілінің қатысуымен, еңбекті қорғау қызметінің мамандары, сол сияқты кәсіпорын басшысының бұйрығымен белгіленген басқа да лауазымды тұлғалар жүргізеді.

13. Күшті кәсіби сырқатты (уланушылықты), болмаса кәсіби сырқатты зерттеп-тексеруге аталмыш кәсіпорынға қызмет көрсететін Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және емдеу-алдын алу мекемелері органдарының өкілдері қатысады.

Күшті кәсіби сырқат (уланулар) жағдайы мәлімет түскен сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде, ал созылмалы кәсіби сырқат жағдайы жеті күннің ішінде зерттеп-тексеріледі;

14. Өндірістік тапсырмаларды орындау үшін (қызметтік міндеттерін орындау) басқа тараптағы ұйымдар жіберген қызметкерлердің, мұның ішінде өндірістік іс-тәжірибеден өтіп жүрген жалпы білім беретін мектептердің, кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларының, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары студенттерінің кәсіпорындарда болған жазатайым жағдайларын зерттеп-тексеруді аталған басқа тараптағы ұйымдардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен аталмыш кәсіпорынның (жұмыс беруші) басшысы жүргізеді.

15. Кәсіпорын әкімшілігі басқа ұйымға уақытша жұмысқа ауыстырған немесе онда қосымша жұмыс істейтін қызметкерлер тап болған жазатайым жағдайлары мен денсаулығының басқа да зақымдануларын зерттеп-тексеруді сол жағдай болған кәсіпорынның басшысы (жұмыс беруші) жүргізеді.

. Ескерту: 14-15 тармақтарда айтылған жағдайларда,

еңбекшінің өндірістегі жазатайым жағдайы немесе денсаулығының басқа да зақымданулары болған аумақтағы кәсіпорын әкімшілігі, бұл жөнінде, зардап шегушінің тұрақты жұмыс істейтін кәсіпорынының басшыларына хабарлауға міндетті.

16. Басқа кәсіпорыннан бөлінген учаскеде (аумақта) жұмыс істеп жатқан қызметкерлердің өндірісте тап болған жазатайым жағдайлары мен денсаулығының басқа да зақымдануларын зерттеп-тексеруді басқа кәсіпорынның әкімшілігінің қатысуымен осы жұмыстарды жүргізуші кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) жүргізеді.

17. Көлік құралдарының (автомобильдердің, поездардың, ұшақтардың, теңіз және өзен кемелерінің және т.б.) апаты (соқтығысы) нәтижесінде болған еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайлары мен денсаулығына басқа да зиян келушіліктерін зерттеп-тексеруді жазатайым жағдайларды зерттеу комиссиясы төрағасының талап етуімен белгіленген тәртіпте, міндетті түрде ұсынылатын, арнаулы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары жүргізген зерттеп-тексеру материалдарын пайдалану арқылы, кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) жүргізеді.

18. Кәсіпорын басшысына (жұмыс берушіге) өз уақытында хабарланбаған немесе олардан еңбекке жарамсыздық бірден пайда болмаған (болған мерзіміне қарай) еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайлары мен денсаулығына басқа да зиян келушіліктер зардап шегушінің, оның өкілетті өкілінің немесе басқа да мүдделі тұлғаның арызы бойынша арыз берген күнінен бастап есептегенде бір ай ішінде зерттеп-тексеріледі.

Мұндай жағдайларды есепке алу мен тіркеу жөніндегі шешім анықталған жәйттерді, куәлардың сөздерін және басқа да дәлелдемелерді есепке ала отырып, арызда айтылған жайларды жан-жақты тексергеннен соң қабылданады.

19. Зерттеу-тексеру жүргізуші арнаулы мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдары лауазымды тұлғаларының талабы бойынша, кәсіпорын есебінен жұмыс беруші:

техникалық есептер, лабораториялық зерттеулер, сынақтар мен басқа да сараптау жұмыстарын жүргізуді және осы мақсаттар үшін мамандандырылған мекемелер мен ұйымдардың білікті маман-сарапшыларын тартуды;

жазатайым жағдай мен бүлінген объектілердің орындарын суретке түсіруді;

зерттеп-тексеру жүргізу үшін қажетті баспана орындарын, көлік пен байланыс құралдарының берілуін;

зерттеп-тексеру материалдарын қажетті санда басу мен көбейтуді қамтамасыз етуге міндетті;

жұмыс беруші сондай-ақ өз ұйымында болған топтық және өлімге әкеп соққан бақытсыз жағдайларға зерттеу жүргізген Мемлекеттік қадағалау және бақылау органының іссапар шығындарының орнын толтыруға міндетті.

Ескерту. Ереженің 19-тармағы жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1996.02.23. N 86 қаулысымен.

### III. Жазатайым жағдайларды арнайы зерттеп-тексеру

20. Арнайы зерттеп-тексеруге:

зардап шегушілердің жарақаттарының ауырлығына қарамастан екі және одан да көп қызметкерлердің бір мезгілде басынан кешкен топтық жазатайым жағдайы;

ауыр аяқталған (анық мүгедектікпен) жазатайым жағдай;

өліммен аяқталған жазатайым жағдай;

күшті кәсіби сырқатты (улану) жағдайы жатады.

21. Жоғарыда аталған жағдайлар туралы кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші);

еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға;

өзінен жоғары тұрған шаруашылық органына;

оқиға болған жердегі прокуратураға;

егер жазатайым жағдай осы органдардың бақылауындағы объектілерде болса , қадағалау мен бақылаудың мемлекеттік және ведомстволық жергілікті о р г а н д а р ы н а ;

кәсіпорынның кәсіподақ комитетіне;

күшті кәсіптік дерт (улану) болған жағдайда мемлекеттік санитарлық бақылау органдарына бірден хабар беруге міндетті.

22. Жазатайым жағдайды арнайы зерттеп-тексеруге мынадай комиссия құрылып , о л :

төрағасы - еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор;

мүшелері - өзінен жоғары тұрған шаруашылық органының басшылары (



орынбасарлары), кәсіпорынның басшысы (жұмыс беруші), кәсіподақ өкілінен тұратын құрамда жұмыс жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің (Қазақстан Республикасының Мемкентехқадағалауы) бақылауындағы объектілерде болған бақытсыз жағдайларды тексеруді Мемкентехқадағалау өкілінің төрағалығымен комиссия жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 22-бап толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.08.06. N 964 қаулысымен.

23. Серіктестікте, шағын өнеркәсіп немесе ауыл шаруашылығы кәсіпорнында (шаруа қожалығында) орын алған шаруашылығында жазатайым жағдайда еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор төрағалық ететін, кәсіпорын өкілі, ал қажет болған жағдайда, сақтандыру компаниясының өкілі енген комиссия зерттеп-тексереді.

Ескерту. 23-тармақ толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.10.12. N 1320 қаулысымен.

24. Екі адам қаза тапқан топтық жазатайым жағдайда: төрағасы - облыстық, Алматы, Ленинск қалалық еңбекті қорғау басқармасы бастығының орынбасары;

мүшелері - өзінен жоғарыда тұрған ұйымдардың басшыларынан, кәсіпорын басшысынан (жұмыс берушіден), кәсіподақ өкілінен тұратын құрамдағы комиссия зерттеп-тексереді.

25. Үш-бес адам өлген топтың жазатайым жағдайын зерттеп-тексеруді Еңбекті қорғау жөніндегі департамент, бес адамнан астам кісі өлімін - Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген комиссия жүргізеді.

26. Қазақстан Республикасының энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалауының және басқа да еңбекті қорғауды мемлекеттік және ведомстволық қадағалауы мен бақылауындағы объектілерде болған бақытсыз жағдайлар олардың өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен тексеріледі. Өткір кәсіби сырқаттар (улану) жағдайларын тексеру кезінде Мемсанбақылау органдарының

мамандары қатысады.

Мәселені шешу үшін сараптау қорытындысы қажет болған жағдайда, арнайы зерттеп-тексеру комиссиясының төрағасының өкімімен, сараптау комиссиясы құрылады.

ЕСКЕРТУ. 26-тармақтың 1-ші абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің

1996.08.06. N 964 қаулысымен.

#### IV. Жазатайым жағдайларды ресімдеу және тіркеу

27. Қызметкердің (қызметкерлердің) бір күннен кем емес уақытқа еңбекке жарамдылығын жоғалтуын немесе дәрігерлік қорытындыға (ұсынысқа) сәйкес бір және одан да көп күнге басқа жұмыс берілуіне қажеттілік тудырған өндірістегі әрбір жазатайым жағдайда немесе денсаулығының басқа да зақымдануынан зардап шеккендігіне Н-1 формасында акт жасалуы қажет (2-ші қосымша) әрбір зардап шегушіге керекті мөлшерде, бірақ төрт данадан кем емес санда акт жасалады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіпте кәсіби сырқаттар мен улану жағдайларында еңбекке жарамдылық қабілетінен айырылғаны немесе айырылмағанына қарамай Н-1-формасындағы акті ресімделеді.

Әрбір жазатайым жағдайды зерттеп-тексеру аяқталған соң, бірақ үш күннен кешіктірмей кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) зардап шегушіге немесе оның мүддесін білдіретін адамға жоғарыда аталған актіні беруге міндетті.

28. Жазатайым жағдайы жөніндегі Н-1 актісін еңбекті қорғау қызметінің бастығы (еңбекті қорғау жөніндегі инженер), кәсіподақ комитетінің (еңбек ұжымының) өкілі, бөлімше бастығы толтырып, қол қояды, ал кәсіби ауру болса (улану) Мемсанбақылау мен емдеу-алдын алу мекемесінің өкілі толтырып, қолдарын қояды да, кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) бекітіп, мөр басылады.

Жазатайым жағдайлары жөніндегі Н-1 актілері зерттеп-тексеру материалдарына сәйкес ресімделеді.

29. Жазатайым жағдайды және денсаулыққа зиян келтірген басқа зардаптарды (топтық, ауыр зардаптар, мерт болу) арнайы зерттеп-тексеру актісімен ресімдейді (N 3 қосымша).

30. Егер жазатайым жағдайды зерттеп-тексеру жөніндегі комиссиясының мүшесі комиссияның тұжырымымен келіспеген жағдайда, ол өзінің дәлелді жеке пікірін зерттеп-тексеру материалына жазбаша түрде қосады.

31. Тексерудің қорытындысына келіспесе, немесе Н-1 нысанымен акті уақтылы жасалмаса, зардап шегуші, кәсіподақ өкілі немесе басқа мүдделі тұлға кәсіпорын басшысына (жұмыс берушіге) арыз беруге құқылы, ал ол он күн мерзім ішінде қарап, нақты шешім қабылдауға тиіс.

32. Егер кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) Н-1 нысанымен акті жасаудан бас тартса және зардап шегуші немесе басқа мүдделі тұлға жазатайым жағдайда

зерттеп-тексерудің материалдарына разы болмаса, олар бұл мәселе бойынша кәсіподақ органдарына арыздануға құқылы. Қажет болған жағдайда зардап шегуші, кәсіподақ органы немесе басқа сенімді тұлға еңбекті қорғау жөніндегі инспекторының (N 4 қосымша) қорытындысын сұрайды, немесе сотқа жүгінеді.

33. Жазатайым жағдайды зерттеп-тексеру аяқталған соң, Н-1 актісінің көшірмесі ;

кәсіподақ комитетіне (кәсіпорындағы еңбекшілердің өкілетті өкіліне);  
еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға;  
оларды зерттеп-тексеруге қатысқан қадағалау және бақылаудың басқа мемлекеттік және ведомстволық органдарына;  
олардың сұрау салуы бойынша министрліктерге, ведомстволарға, холдингтерге, одақтарға, концерндерге, ассоциацияларға және басқа да бірлестіктерге жіберіледі.

Кәсіби сырқаттар мен улану жағдайларына жасалған Н-1 актісінің көшірмелері аталмыш кәсіпорынның қызметкерлеріне қызмет көрсететін денсаулық сақтау мекемелеріне, Мемсанбақылау органдарына беріледі.

Жазатайым жағдай жөніндегі Н-1 актісі оқиға болған кәсіпорында қалады, ал 14, 15-тармағында көрсетілген жағдайларда - зардап шегушінің тұрақты жұмыс орнына жіберіледі.

34. Н-1 актісі жасалған еңбекшілердің әрбір жазатайым жағдайы немесе денсаулығының (өндірістегі, жұмысқа бара жатқанда немесе қайтқанда) басқа да зақымдануы зардап шегушінің оқиға болған сәтінде еңбек қатынасында тұрған кәсіпорынның журналында (N 5 қосымша) тіркеледі.

Жазатайым жағдайын есепке алу (жарақаттар, кәсіптік сырқаттар (уланулар), жұмысқа бара жатқанда, қайтқанда, алынған жарақаттар) жеке тіркеледі.

35. Еңбекшінің өндірістегі жазатайым жағдайын арнайы зерттеп-тексеру материалдары белгіленген үлгіде жасалған Н-1 актісімен бірге (кейбір жағдайда қажетіне қарай) :

оқиға болған орынның жоспары, схемасы мен фотосуреттері;  
сұрақ-жауаптардың хаттамасы, оқиғаны көрген және басқа да қатысты адамдардың, сол сияқты еңбекті қорғаудың ережелері мен нормаларының талаптарын сақтауға жауапты лауазымды адамдардың түсініктемелері;  
зардап шегушілердің еңбекті қорғау жайлы нұсқамалардан өтіп, оқығандығы туралы, алдын ала және мерзімді түрде дәрігерлік тексерулерден өткендіктері туралы мәліметтер ;

нұсқаулардың, ережелердің, бұйрықтардың және қауіпсіздікті реттейтін басқа да актілердің өндірістегі еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мен салауаттығын қамтамасыз етуге тиіс лауазымды адамдардың міндеттері мен жауапкершіліктерінің көшірмелері және т.б.;

зардап шегушінің денсаулығының зақымдануының сипаты мен зардабының ауырлығы жөнінде дәрігер қорытындысы (мерт болу себебі туралы); лабораториялық және басқа да зерттеулердің, тәжірибелердің, талдамалардың және т. б. нәтижелері;

оқиғаның себептері мен еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормалардың бұзылуына жол берген жауапты адамдар туралы Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекцияның лауазымды тұлғаларының және қадағалау мен бақылаудың басқа да өкілетті мемлекеттік органдарының тұжырымдары (бар болса) ;

кәсіпорынға келтірілген материалдық шығын туралы мәлімет; зардап шегушіге (отбасының мүшелеріне) оның денсаулығына келтірілген шығынның орнын толтыру және жол берілген жағдайға кінәлі лауазымды адамдардың жауапкершілікке тартылғаны жөніндегі кәсіпорын басшысының (жұмыс берушінің) бұйрығы болуы тиіс.

36. Жазатайым жағдайда арнайы зерттеп-тексеру материалын кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) екі дана етіп еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, қадағалау мен бақылауға байланысты басқа да мемлекеттік органдарға, өздерінің талаптары бойынша жоғарғы шаруашылық ұйымдарына жібереді.

Арнайы зерттеп-тексерудің материалдарын тексеру аяқталған соң он күн мерзім ішінде Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы жазатайым жағдай орын алған жердегі прокуратураға жібереді, ал қазамен аяқталған топтық жазатайым жағдай жөніндегі материалдар Еңбекті қорғау департаментіне жіберіледі.

37. Жазатайым жағдайларды зерттеп-тексеру материалдары, олар тіркелген кәсіпорында 45 жыл бойы сақталынады.

38. Зардап шегушінің уақытша еңбекке жарамсыздығы аяқталғаннан кейін (еңбек ету қабілетінен мүлдем айырылған жағдайда), кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) еңбекшінің өндірістегі жазатайым жағдайының немесе денсаулығының басқа да зақымдануының зардаптары мен мұндай жағдайлардың алдын алу бойынша атқарылған іс-шаралар туралы, Н-1 немесе оның көшірмесі жіберілген адресстерге хабарлама жіберуге (N 6 қосымша) міндетті.

39. Әрбір жазатайым жағдай зерттеп-тексерудің қорытындысын кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) мен кәсіподақ комитеті қарап, бүкіл ұжымға хабарлайды. Мұндай оқиғалардың алдын алу жөнінде түбегейлі шаралар жасау мен қабылдау, зардап шегушілерге (олардың отбасы мүшелері мен басқа да мүдделі адамдарға) заңда қарастырылған жеңілдіктер, өтемақыларды беру оларға келген зиянның орнын толтыру мәселелерін әділ шешу мақсатында тиісті бұйрық шығарылады.

40. Осы Ереженің III-тарауында көрсетілген жазатайым жағдайларды зерттеп-тексерудің нәтижелерін еңбекті қорғау жөніндегі кәсіпорын лауазымды адамдарының, мемлекеттік және қоғамдық бақылау органдары өкілдерінің қатысуымен жоғарғы шаруашылық органдарының басшылары оқиға болғаннан кейін 20 күннен асырмай қарайды.

41. Арнайы зерттеп-тексеру жөніндегі комиссия ұсынған шаралардың орындалуы хақында кәсіпорын басшысы жергілікті мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына жазбаша хабарлайды.

42. Зардап шегушіні (зардап шеккендерді) одан әрі іздестіру мүмкіндігі апаттан құтқару бөлімшесінің басшысы және маман сарапшылардың қорытындысы негізінде анықталады.

#### V. Жазатайым жағдайлардың статистикасы мен талдамалары

43. Н-1 актісімен ресімделген жазатайым жағдайы өндірістегі еңбек ету қабілетінен уақытша айырылу және жарақат алуы жөніндегі статистикалық есепке енгізіледі, оған кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) қол қойып, белгіленген тәртіпте статистика органдарына ұсынады.

44. Кәсіпорындар әрбір тоқсан сайын Н-1 формадағы актісіне сәйкес аумақтық (облыстық) Еңбекті қорғау басқармаларына және жергілікті мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына (бағынышты кәсіпорындар) жазатайым жағдайлардың өсу қарқынының үдемелі қорытындысы бойынша жедел мәліметтер жібереді.

45. Егер зардап шегуші уақытша жұмысқа жарамсыз кезеңінде, өндірістегі жарамсыз жағдайдың немесе денсаулығының басқа да зақымдануының нәтижесінде қайтыс болса, кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) бұл жөнінде Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекцияға және басқа да арнаулы мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына хабарлауға міндетті, сөйтіп тиісті кезеңдегі статистикалық есепке қажетті өзгертулер енгізуі керек.

46. Жұмыс берушілер еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайлары себептеріне жыл сайын жан-жақты талдамалар жүргізіп, оның нәтижелері мен қабылданған алдын алу шаралары туралы кәсіпорын қызметкерлеріне хабарлама жасауға міндетті.

47. Министрліктер, ведомстволар, холдингтер, одақтар, концерндер, ассоциациялар және басқа да бірлестіктер өндірістік жарақаттардың себептерін талдайды, зерттейді және жазатайым жағдайлардың алдын алу жөніндегі жұмыс тәжірибелерін жинақтайды, осының негізінде тиісті ұсыныстар жасап, оларды кәсіпорындарға хабарлайды.

48. Жазатайым жағдайлар жөніндегі статистикалық мәліметтер республика, аймақтар және салалар бойынша жыл сайын статистика органдарында ж а р и я л а н а д ы .

49. Еңбекті қорғау жөніндегі департамент және аймақтық еңбек қорғау басқармалары өндіріс салаларындағы жазатайым жағдайларының себептері мен оны болдырмау жөніндегі ақпараттардың әзірленуін ұйымдастырып, оны кәсіпкерлер мен еңбекшілердің және олардың тиісті өкілетті ұйымдарына х а б а р л а п о т ы р а д ы .

50. Осы Ереженің бұзылуына кінәлілер іс жүзіндегі заңға сәйкес жауапкершілікке т а р т ы л а д ы .

## VI. Еңбекшілердің жұмысқа бара жатқан немесе жұмыстан келе жатқан жолда тап болған жазатайым жағдайларын зерттеп-тексеру мен есепке алудың тәртібі

51. Жұмыс орны мен тұрақты тұрағының аралығында, жол үстінде бара жатқанда екі сағат ішінде болған, бір күннен кем емес уақытқа еңбек қабілетінен айырылуға душар еткен жазатайым жағдайлар зерттеп-тексерілуге жатады.

52. Жазатайым жағдайды зерттеп-тексеруді еңбек ұжымының немесе кәсіподақ ұйымының өкілі мен әкімшілік қызметшілерінен (кадр бөлімінің еңбекті қорғау және т.б.) тұратын құрамдағы комиссия, жазатайым жағдай фактісі жөнінде хабар алған сәттен бастап, үш тәулік ішінде жүргізіледі.

Комиссияның құрамы кәсіпорын басшысының (жұмыс берушінің) б ұ й р ы ғ ы м е н б е л г і л е н е д і .

53. Зерттеп-тексерудің нәтижелері бойынша төрт-бес данада, жұмысқа бара жатқан немесе қайтқан кезде душар болған жазатайым жағдайдың Н-2 нысанында тексеру актісі жасалады (7 қосымша), оған зерттеп-тексеруге қатысқан адамдар қолдарын қойып, кәсіпорынның басшыларының бірі (жұмыс беруші) б е к і т і п , м ө р б а с ы л а д ы .

54. Жазатайым жағдайдың жай-күйі мен себебін анықтау кезінде болған оқиғаның уақыты мен орны, зардап алған мезетіндегі хал-ахуалы белгіленуі тиіс. Бұл үшін зардап шегушінің, көрген куәгердің түсініктемелері, емдеу мекемелерінің, милиция орындарының анықтама қағаздары мен басқа да қ ұ ж а т т а р п а й д а л а н ы л а д ы .

55. Н-2 актісінің бір данасы еңбекке жарамсыздығы қағазымен бірге сақталады, екіншісі зерттеп-тексеру материалдарымен бірге қызметте сақталады, оны кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) өз бұйрығымен белгілейді, үшіншісі зардап шегушіге беріледі, төртіншісі еңбек ұжымының немесе кәсіподақ

комитетінің төрағасына жолданады, бесіншісі еңбекті қорғау жөніндегі инспекторға (зардап шегуші қайтыс болған жағдайда) жіберіледі.

Н-2 актісі 34-тармақта көрсетілген журналға тіркеліп, бес жыл сақталады.

56. Кәсіпорын басшысы (жұмыс беруші) кәсіподақ органымен (еңбек ұжымының өкілімен) бірлесіп, әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша зерттеп-тексеру материалдарын қарауы, себептеріне талдау жасауы, қажет болған жағдайда бұл жарақаттардың алдын алу шараларын қадағалауы және олардың орындалуы үшін бақылау жасауы тиіс.

## 1 Қосымша

Еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайы  
және басқа денсаулығының зақымдануы жөніндегі  
Хабарлама

I. Жазатайым жағдай 199\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айының \_\_\_\_\_ күні болды.

II. Кәсіпорынның (ұйымның, жоғары шаруашылық органның),  
министрліктің аты және оқиға орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

III. Зардап шегушінің аты-жөні жасы мамандығы нәтижесі

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

4. \_\_\_\_\_

5. \_\_\_\_\_

IV. Жазатайым жағдайдың қысқаша мән-жайы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

V. Зерттеп-тексеруді ұйымдастыру жөнінде қабылданған шаралар

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

VI. Хабарлама жасалған күні \_\_\_\_\_

VII. Хабарлаған \_\_\_\_\_

(аты-жөні, қызметі)

VIII. Қабылдаған \_\_\_\_\_

(аты-жөні, қызметі)

Бекітемін  
Кәсіпорын басшысы  
(жұмыс беруші)

2 Қосымша  
Н-1 нысаны

\_\_\_\_\_ (қолы, аты-жөні)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 199\_\_ жыл

Мөрдiң орны

Еңбекшілердің өндірістегі жазатайым жағдайы  
немесе денсаулығының басқа да зақымдануы жөніндегі

N Акті

Кодтар

1. Кәсіпорынның аты, тіркелген нөмірі \_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|

1.1. Кәсіпорынның мекен-жайы:

облыс, аудан \_\_\_\_\_

қала, көше, үйдің N \_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|

1.2. Меншік нысаны \_\_\_\_\_

(мемлекеттік, муниципалдық, жеке меншік және т.б.)

1.3. Жазатайым жағдай (кәсіби сырқат, улану) болған цех  
учаске, орын \_\_\_\_\_

2. Экономика саласы \_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|

(министрлік, ведомство)

3. Қызметкерді жіберген кәсіпорын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (аты, мекен-жайы, министрлік, ведомство)

4. Зардап шегушінің аты-жөні \_\_\_\_\_

5. Жынысы: ер, әйел (астын сызып көрсету керек) \_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|

6. Жасы (толық жасын көрсету керек) \_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|

7. Кәсібі, қызметі \_\_\_\_\_|\_\_\_\_\_|

разряд, класс

8. Жұмыс істеп жүргенде жазатайым жағдайда (кәсіби сырқат)



душар болған кездегі аталмыш кәсібінің еңбек стажы

---

9. Нұсқама, еңбек қауіпсіздігіне оқыту \_\_\_\_\_  
(өткен датасы)

9.1. Бастапқы нұсқама \_\_\_\_\_

9.2. Еңбек қауіпсіздігі жөніндегі оқу \_\_\_\_\_

9.3. Алғашқы (қайталама) нұсқама \_\_\_\_\_

9.4. Аса қауіпті жұмыстар жөнінде білімін тексеру \_\_\_\_\_

9.5. Алдын алу және мерзімді дәрігерлік тексеруден өту \_\_\_\_\_

---

10. Жазатайым жағдайдың (кәсіби сырқаттың, уланудың)

---

(күні, айы, жылы,

---

жергілікті уақыт)

---

(жұмыстың басынан бастағанда толық сағаттар саны)

. Ескерту. Кәсіптік сырқат (улану) зерттеп-тексерілген кезде  
суыт хабардың күні мен уақыты, оны анықтаушының,  
мекеменің аты көрсетіледі.

11. Жазатайым жағдайдың (кәсіби сырқаттың, уланудың)  
жағдаяттары \_\_\_\_\_

---

11.1. Болған оқиғаның түрі \_\_\_\_\_

---

11.2. Себептері \_\_\_\_\_

---

11.3. Жарақатқа себепші болған құрал-жабдық \_\_\_\_\_

---

(аты, типі, маркасы, шығарылған жылы, \_\_\_\_\_)

дайындаушы-кәсіпорын)

11.4. Зардап шегушінің алкогольді немесе нашакорлық масаң күйде болуы \_\_\_\_\_

11.5. Диагнозы \_\_\_\_\_

(алдын ала, түпкілікті, негізгі, жанама)

12. Зардап шегушінің жазатайым жағдайы себептерін болдырмау жөніндегі шаралар \_\_\_\_\_

N	Шаралардың аттары	Орындалу мерзімі	Орындаушы	Орындалғаны туралы соғылған белгі
---	-------------------	------------------	-----------	-----------------------------------

13. Еңбекті қорғау туралы ережелер мен еңбек жөніндегі заңдарды бұзуға жол берген адамдар \_\_\_\_\_

(заңдардың баптары, параграфтары, тармақтар,

олар бұзған нормативті құжаттар)

14. Жазатайым жағдайдың куәлері \_\_\_\_\_

Акт жасалды \_\_\_\_\_  
(күні, айы, жылы)

Еңбекті қорғау қызметінің бастығы (маманы) \_\_\_\_\_

(қолы, қол қоюшының аты-жөні, қызметі)

Кәсіподақтың (еңбек ұжымының) еңбекті қорғау жөніндегі өкілі \_\_\_\_\_

(қолы, қол қоюшының аты-жөні)

Бөлімше (цех, учаске) бастығы \_\_\_\_\_

---

(қолы, қол қоюшының аты-жөні)

Мемсанбақылау өкілі \_\_\_\_\_

(қолы, аты-жөні, қызметі)

Емдеу-алдын алу мекемесінің өкілі \_\_\_\_\_

---

(қолы, қызметі, қол қоюшының аты-жөні)

### Н-1 нысанындағы актіні толтыруға түсініктемелер

Акт тексттік және кодтық бөліктерден тұрады, олар жалпы қабылданған (белгіленген) терминдерге сәйкес республикалық және арнайы жасалған классификаторлармен толтырылады. Кодтауды кәсіпорын жүргізеді.

Т.1. ГРХС бойынша кодталады.

